

"Салықтық және кедендік әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 146 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 405 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 сәуірде № 20469 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Салықтық және кедендік әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 146 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16450 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 13 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес салықтық берешекті өтеу туралы хабарламаның нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу туралы хабарламаның нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органының салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждардың, өсімпұлдардың, пайыздардың есебіне мүлікке билік етуін шектеу туралы шешімнің нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждардың, өсімпұлдардың, пайыздардың есебіне билік етуі шектелген мүлік тізімдемесі актісінің нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің билік етуі шектелген мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы қаулының нысаны;

- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес дебиторлардың банктік шоттардағы ақшасына өндіріп алуды қолдану туралы хабарламаның нысаны;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар есебіне мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің және мүлік тізімдемесі актісінің күшін жою туралы шешімнің нысаны;
- 9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешімнің нысаны;
- 10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарламаның нысаны;
- 11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығының нысаны;
- 12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес камералдық кедендік тексеру актісінің нысаны;
- 13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысаны;
- 14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдарының тексерілетін тұлғаның объектісіне кіруін қамтамасыз етуден бас тарту туралы хаттаманың нысаны;
- 15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес құжаттарды не олардың көшірмесін алу актісінің нысаны;
- 16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес тексеру нәтижелері туралы хабарламаға немесе бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымды қараудың қорытындылары туралы хабарламаның нысаны;
- 17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес тексеру нәтижелері туралы хабарламаның нысаны;
- 18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес нұсқаманың нысаны;
- 19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес нұсқамаға қосымша нұсқаманың нысаны;
- 20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес салықтық тексеруді жүргізу туралы хабарламаның нысаны;
- 21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап таратудың салықтық тексеруі аяқталған күнге дейінгі кезеңде салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің есепке жазылған сомалары туралы хабарламаның нысаны;
- 22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарламаның нысаны;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысаны;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығару туралы шешімнің нысаны;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес бюджеттен қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының дұрыстығын растау бойынша салықтық тексеру актісіне қорытындының нысаны;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдарынан келіп түскен тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштен мәліметтерді мемлекеттік кірістер органының алуы туралы хабарламаның нысаны;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес салық есептілігін кері қайтарып алуға мемлекеттік кірістер органдары шешімінің нысаны;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы хабарламаның нысаны;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салықтық есептіліктің ұсынылмауы туралы хабарламаның нысаны;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің тұрған жерін (жоқтығын) растау туралы хабарламаның нысаны;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес салық талабының нысаны;

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес бақылауды тағайындау туралы шешімнің нысаны;

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес бақылауды тағайындау туралы шешімге қосымша шешімнің нысаны;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы талап нысаны;

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес тексеру нәтижелері туралы хабарламаға салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау қорытындылары туралы хабарламаның нысаны;

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес дара кәсіпкерлерге арналған арнайы салық режимін қолдануға патенттің нысаны;

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес салық режимін қолдану туралы хабарламаның нысаны;

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органы есептеген салықтар сомасы туралы хабарламаның нысаны;

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мәліметтері негізінде қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының есептелген сомасы туралы хабарламаның нысаны;

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша қорытындының нысаны бекітілсін.";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес салықтық берешекті өтеу туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органының салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждардың, өсімпұлдардың, пайыздардың есебіне мүлікке билік етуін шектеу туралы шешімнің нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің билік етуі шектелген мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы қаулының нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес дебиторлардың банктік шоттардағы ақшасына өндіріп алуды қолдану туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар есебіне мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің және мүлік тізімдемесі актісінің күшін жою туралы шешімнің нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес тексеру нәтижелері туралы хабарламаға немесе бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымды қараудың қорытындылары туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес тексеру нәтижелері туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап таратудың салықтық тексеруі аяқталған күнге дейінгі кезеңде салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің есепке жазылған сомалары туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес салық есептілігін кері қайтарып алуға мемлекеттік кірістер органдары шешімінің нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес тексеру нәтижелері туралы хабарламаға салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау қорытындылары туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес салық режимін қолдану туралы хабарламаның нысаны жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Бірінші Орынбасары- Қаржы министрі*

А. Смаилов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 405 бұйрығына
1 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
1-қосымша

Салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама

20 ____ жылғы " ____ "

№ _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 114, 116-125-баптарына сәйкес

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

Сізді _____

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), толық атауы,

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), мекен жайы) мынадай салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем түрлері бойынша салық берешегі сомасының өтелмегенін хабарлайды:

№	төлемнің коды, атауы	төлемнің сомасы	өсімпұл сомасы	айыппұл сомасы
1	2	3	4	5
	Барлығы			

Салық берешегі өтелмеген жағдайда Сізге мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алудың мынадай:

1) тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес*:

тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған салық төлеушінің (салық агентінің) - салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткеннен кейін;

тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған салық төлеушінің (салық агентінің) - салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін банктік шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

2) тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес:

тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған салық төлеушінің (салық агентінің) - салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткеннен кейін;

тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған салық төлеушінің (салық агентінің) - салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

3) тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес:

тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған салық төлеушінің (салық агентінің) - салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткеннен кейін;

тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған салық төлеушінің (салық агентінің) - салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап он бес жұмыс күні өткеннен кейін мүлікке билік етуін шектеу;

4) тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес:

тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған салық төлеушінің (салық агентінің) - салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін;

тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған салық төлеушінің (салық агентінің) - салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап жиырма жұмыс күні өткеннен кейін салықтық берешек сомалары төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, салықтық берешек сомаларын банктік шоттарындағы ақшадан өндіріп алу шаралары қолданылады.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдерді төлеу мерзімі күнінен кейінгі күннен бастап, салық міндеттемесін орындаудың мерзімі өткен әрбір күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ресми ставкасының 1,25 еселенген мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеледі.

Салық кодексінің 123-бабының 2-тармағына сәйкес Сіз осы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

дебиторлық берешек сомаларын көрсете отырып, дебиторлар тізімін табыс етуіңіз қажет.

Осы хабарламада көрсетілген мерзімде дебиторлар тізімі табыс етілмеген не дебиторлар жоқ туралы мәлімет ұсынған жағдайда мемлекеттік кірістер органы салық төлеушіге (салық агентіне) салық тексеруін жүргізеді.

Мемлекеттік кірістер органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының заңды талаптары орындалмаған жағдайда, Сізге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жазға тарту шаралары қолданылады.

Салық кодексінің 187, 188-баптарына сәйкес салық төлеушінің және салық агентінің мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануына құқығы бар.

Мемлекеттік органның басшысы

(басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарламаны алдым

салық төлеушінің (салық агентінің)/салық төлеушінің (салық агентінің) лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда), күні)

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді

(мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) жіберілді

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Ескерту:

* тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижесі бойынша салық төлеуші тәуекелдің қандай деңгейіне жатқызылғаны туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің <http://kgd.gov.kz> ресми сайтында және "Салық төлеушінің кабинеті" web-қосымшасында қол жетімді.

** осы шара жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамға - салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 405 бұйрығына
2 - қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
2-қосымша
нысан

Кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 117-бабының 1-тармағына сәйкес

(мемлекеттік кірістер органының атауы)
Сізге _____

(төлеушінің немесе кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы

баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешек сомасын төлеу бойынша төлеушімен ортақ міндетті болатын төлеушінің толық атауы (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

_____ жеке сәйкестендіру нөмері/бизнес сәйкестендіру нөмері (ЖСН/БСН), заңды мекенжайы)

Сізге бюджетке кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждары (бұдан әрі - кедендік төлемдер мен салықтар) кедендік төлемдерді төлеуді кейінге қалдырғаны үшін өсімпұлдар, пайыздар бойынша мынадай берешек сомасы:

_____ теңге

(санмен және жазбаша)
негізінде өтемегенін хабарлайды.

р/с №	Бюджеттік сыныптама коды	Бюджеттік сыныптама кодының атауы	Кедендік төлемнің, салықтың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждардың сомасы	Өсімпұл сомасы	Процент сомасы	Сомасының жиыны
1	2	3	4	5	6	7
	Жиыны					

Сіз аталған соманы мынадай деректеме бойынша бюджеттік жіктеме коды бойынша бюджетке аудару қажет:

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

БСН _____
шот № _____

(мемлекеттік кірістер органы)

_____ (қазынашылық басқармасы, БСН)*

_____ (төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), толық атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

Кедендік төлемдер мен салықтар, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегі өтелмеген жағдайда Сізге Кодекстің 116-бабы 3-тармағында көзделген мынадай шаралары қолданылады:

1) осы хабарламаны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті осы тарауда көзделген тәртіппен кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының, өсімпұлдардың, пайыздардың артық төленген сомалары есебінен, аванстық төлемдердің сомалары есебінен, кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету есебінен өндіріп алу;

2) осы хабарламаны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

3) осы хабарламаны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

4) осы хабарламаны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап он бес жұмыс күні өткеннен кейін төлеушінің мүлкіне билік етуін шектеу;

5) осы хабарламаны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап жиырма жұмыс күні өткеннен кейін банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алу;

6) дебиторларының банктегі шоттарындағы ақшадан өндіріп алу;

7) билік етуі шектелген мүлкін өткізу есебінен.

Аталған баптың 3-10-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кодекстің 124-бабына сәйкес өсімпұл кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу мерзімдері өткен күннен кейінгі күннен бастап, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеудің кешіктірілген әрбір күні үшін төлеу күнін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы 1,25 мөлшерінде есептеледі.

Бұл ретте, Кодекстің 118-бабы 3-тармағына сәйкес шағымдану өсімпұл есептеуді тоқтата тұруға негіз болмайды.

Кедендік төлемдер мен салықтар, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу кезектілігі Кодекстің 120-бабына сәйкес айқындалады.

Кодекстің 117-бабы 4-тармағына сәйкес хабарлама төлеушіге оны қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылуына қарамастан жіберіледі.

Кодекстің 130-бабы 1-тармағына сәйкес осы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күннен кешіктірмей Сізге

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

дебиторлық берешек сомаларын көрсете отырып дебиторлар тізімін және бар болған жағдайда дебиторлық берешек сомаларын растайтын дебитормен бірлесіп жасалған өзара есеп айырысудың салыстыру актісін ұсыну қажет.

Дебиторлар тізімі не дебиторлардың болмауы туралы мәліметтер және (немесе) дебиторлармен өзара есеп айырысудың салыстырмалы актісі осы хабарламада көрсетілген мерзімде табыс етілмеген жағдайда, мемлекеттік кірістер органы кедендік тексеру жүргізеді.

Кодекстің 117-бабы 7-тармағына сәйкес төлеуші кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама тіркелген күннен бастап осындай берешек өтелген күнді қоса алғанда соған дейінгі кезең үшін есепке жазылуға жататын өсімпұлдарды есепке алмай, кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары бойынша берешекті өтеген кезде, кеден органы кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу туралы бұрын ұсынылған хабарламаға толықтыру жібереді.

Мемлекеттік кірістер органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының заңды талаптары орындалмаған жағдайда, Сізге 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексіне сәйкес әкімшілік жазаға тарту шаралары қолданылады.

Кодекстің 21-бабына сәйкес Сіз мемлекеттік кірістер органдарының немесе олардың лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылысыз.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы
(басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

20__ жылғы "___" _____

Мөр орны

Салық төлеуші

(төлеушінің/ төлеушінің лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе толық атауы, қолы, мөрі (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын

заңды тұлғаларды қоспағанда)

хабарламаны 20__ жылғы "___" _____ алды.

Мөр орны

. (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда)

Хабарлама

(мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), қолы, күні)

төлеушіге 20__ жылғы " __ " _____ табыс етілді.

Хабарлама

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

төлеушіге 20__ жылғы " __ " _____ жіберілді.

Ескерту: * Кедендік төлемдерді, салықтарды, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бойынша төлеушімен ортақ міндетте болатын тұлға кедендік төлемдер және салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеген кезде толтырылады

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 405 бұйрығына
3 - қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
3-қосымша
нысан

Мемлекеттік кірістер органының салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі

20__ жылғы " __ " _____

№ _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі - Салық кодексі) 119- бабының 1-тармағына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 126-бабының 1-тармағына сәйкес

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

(салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), заңды мекенжайы)

банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға кейіннен оларды: (Х-ті тиісті торкөзде көрсету керек):

□ салық берешегін, әлеуметтік төлемдерді

□ кедендік төлемдер және салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешектерді

өтеу есебіне аудару үшін ақша тапсыру бойынша операциялардан басқа, кассадағы қолма қол ақшалардың барлық шығыс операцияларын тоқтатады.

Салық төлеуші (салық агенті), төлеуші мемлекеттік кірістер органының касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы хабарламаны алған күннен бастап, барлық түсетін қолма-қол ақша түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетке аударуға жатады.

Мемлекеттік кірістер органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының заңды талаптары орындалмаған жағдайда, Сізге 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексіне сәйкес әкімшілік жазаға тарту шаралары қолданылады.

Салық кодексінің 187, 188-баптарына сәйкес мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа, сонымен қатар, Кодекстің 21-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқығыңыз бар.

Мемлекеттік органның басшысы
(басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі (болған жағдайда)
Өкімді алдым

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) салық төлеушінің /лауазымды тұлғасының
қолы, мөрі (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда
)

күні)
Өкім салық төлеушіге ұсынылды

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, күні)
Өкім салық төлеушіге жіберілді

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 405 бұйрығына
4 - қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
4-қосымша
нысан

Салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждардың, өсімпұлдардың, пайыздардың есебіне мүлікке билік етуін шектеу туралы шешім

20__ жылғы " __ " _____

№ _____

(мемлекеттік кірістер органының атауы)
атынан

(басшының (басшы орынбасарының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))
(Х-ті тиісті торкөзде көрсету керек):

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына,

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 127-бабына сәйкес

(Х-ті тиісті торкөзде көрсету керек):

Салық берешегін өтеу туралы хабарлама 20__ жылғы " __ " _____ № __ 20__ жылғы " __ " _____ № _____

тексерудің нәтижелері туралы хабарламаға шағым жасалған жағдайда 20__ жылғы " __ " _____ № _____

□
хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органының шешімі негізінде 20__ жылғы " __ " _____ № __

—
□
кедендік төлемдер және салықтар бойынша берешекті, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарды, өсімпұлдарды, төлеушінің кедендік баж төлемнің мерзімін ұзарту үшін пайызды өтеу туралы 20__ жылғы " __ " _____ № __ хабарлама бойынша

(салық төлеушінің (салық агентінің) төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), немесе атауы, мекенжайы,

жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі ЖСН/БСН)
_____ сомасында,
(санмен және жазбаша)

оның ішінде:

- 1) _____
(төлемнің коды, атауы) (төлем сомасы) (өсімпұл сомасы) (айыппұл сомасы)
- 2) _____
(төлемнің коды, атауы) (төлем сомасы) (өсімпұл сомасы) (айыппұл сомасы)
- 3) _____
(төлемнің коды, атауы) (төлем сомасы) (өсімпұл сомасы) (айыппұл сомасы)
- 4) _____
(төлемнің коды, атауы) (төлем сомасы) (өсімпұл сомасы) (айыппұл сомасы)
- 5) _____
(төлемнің коды, атауы) (төлем сомасы) (өсімпұл сомасы) (айыппұл сомасы)

салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің мүлікке билік етуді шектеуді

ШЕШТІ.

(мемлекеттік кірістер органының басшысының (басшы орынбасарының) қолы, мөрі)

Мемлекеттік кірістер органына салық төлеушінің (салық агентінің) төлеушінің қаржы лизингіне не кепілге берілген (алынған) билік етуі шектелген мүлкін лизинг және (немесе) кепіл шартының қолданысы тоқтағанға дейін алуға тыйым салынады.

Салық төлеушіге (салық агентіне) төлеушіге мемлекеттік кірістер органы мүлкіне билік етуді шектеген күннен бастап және оның күшін жойғанға дейін шарт ережелерін өзгертуге (шарт қолданысын ұзартуға, сублизинг және(немесе) кепілге қайта салу), сондай-ақ төлеушіге мемлекеттік кірістер органы осы мүлікке қатысты шешім

шығарған кезден бастап оны жойғанға дейін жалға алушы мен кепіл ұстаушыға мұндай мүлікке меншік құқығын беруге тыйым салынады.

Шешімді алдым

(салық төлеушінің (салық агентінің)/салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, күні, мөрі

(жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 405 бұйрығына
5 - қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
6-қосымша
нысан

Салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің билік етуі шектелген мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы № _____ қаулы

20__ жылғы " __ " _____

№ _____

Мен,

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

Басшысы (басшының орынбасары)

басшының (басшы орынбасарының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

салық берешегін

кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу бойынша міндеттеменің орындалмау фактісін

АНЫҚТАДЫМ:

(салық төлеушінің, төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі ЖСН/ БСН, мекенжайы)

осы қаулы шыққан күнінде

_____ (санмен және жазбаша)

_____ теңгені құрайды.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 122, 123-баптарына көзделген салық берешегін, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 129, 130-баптарында көзделген кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждар, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары салық берешегін, кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждар, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегін өтеуге әкелген жоқ.

Жоғарыда жазылғандардың негізінде Салық кодексінің 124-бабына, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 131-бабын басшылыққа алып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

билік ету 20__ жылғы " __ " _____ № ____ шешімінің және 20__ жылғы " __ " _____ № ____ мүлік тізімдемесінің актісінің негізінде шектелген мүлкінен өндіріп алуды

_____ (салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі ЖСН/

БСН, заңды мекенжайы)

Осы қаулы екі данада жасалған, олардың біреуі шешім және тізімдеме актісімен қоса

_____ (уәкілетті заңды тұлғаның атауы)

_____ орындалуға берілсін.

Билік етуі шектелген мүлік материалдық жауапкершілікпен сақтауында

_____ (салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің материалды жауапты тұлғасының тегі,

аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

және осы мекенжай бойынша орналасқан:

Мөр орны (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда)

Алды: _____

(заң тұлғаның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), алған күні, қолы)

Жіберілді: _____

(жіберу және алыну фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 405 бұйрығына
6 - қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
7-қосымша
нысан

Дебиторлардың банктік шоттардағы ақшаға өндіріп алуды қолдану туралы хабарлама

20__ жылғы " __ " _____

№ _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі - Салық кодексі) 114 және 123-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 130-бабының 2-тармағына сәйкес

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

Сізді, _____

(төлеушінің дебиторының атауы,

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі

_____ ЖСН/БСН, заңды мекенжайы)

_____ (салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі ЖСН/БСН, заңды мекенжайы)

Сіздің банк шоттарыңыздағы ақшадан:

- салық төлеушінің (салық агентінің), салық берешегін
- төлеушінің кедендік төлемдер және салықтар арнайы, демпингке қарсы, өтем баждары, өсімпұлдар, пайыздары бойынша берешегін өтеу есебіне

_____ теңге

сомасында өндіріп алуға жүгінгені туралы хабарлайды.

Сіз осы хабарламаны алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

Салық кодексінің 123-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 130-бабының 2-тармағына сәйкес хабарламаны алған күнге салық төлеушімен (салық агентімен), төлеушімен бірлесіп жасалған өзара есеп айырысудың салыстыру актісін беруіңіз қажет.

Осы хабарламада көрсетілген мерзімде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі берілмеген жағдайда

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

Сізге тексеру жүргізеді. Мемлекеттік кірістер органы мен олардың лауазымды тұлғаларының талаптары орындалмаған жағдайда, Сізге "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес әкімшілік жазаға тарту шаралары қолданылады.

Салық кодексінің 187, 188-баптарына сәйкес мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа, сонымен қатар, Кодекстің 21-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқығыңыз бар.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы

(басшының орынбасары)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарламаны алдым

_____ (салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің дебиторының/төлеушінің лауазымды

тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі (жеке кәсіпкерлер

субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда), күні)

Хабарлама салық төлеушінің (салық агентінің),

төлеушінің дебиторына

_____ тапсырылды

(мемлекеттік кірістер органы лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушінің (салық агентінің),

төлеушінің дебиторына

_____ жіберілді

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2020 жылғы 21 сәуірдегі

№ 405 бұйрығына

7 - қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 8 ақпандағы

№ 146 бұйрығына

8-қосымша

нысан

Салық төлеушінің (салық агентінің) салық берешегінің, төлеушінің кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар есебіне мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімінің және мүлік тізімдемесінің актісінің күшін жою туралы шешім

20__ жылғы "___" _____

№ _____

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

(Х-ті тиісті торкөзде көрсету керек):

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына,

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 127-бабына сәйкес,

(Х-ті тиісті торкөзде көрсету керек):

- салық төлеуші (салық агенті) салық берешегі сомасын өтеген жағдайда;
- төлеуші кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешек сомасын өтеген жағдайда;
- жоғары тұрған уәкілетті органының хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған шешімінің шағымдалған бөлігінің күшін жоятын сот актісі заңды күшіне енген жағдайда;
- салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарлама бойынша шығарылған шешімге өз шағымдарын қайтарып алған жағдайда,
20__ жылғы " __ " _____ мүлікке билік етуін шектеу туралы шешімінің

_____ (салық төлеушінің (салық агентінің), төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе атауы,

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), заңды мекенжайы)

20__ жылғы " __ " _____ № _____ билік етуі шектелген мүлік тізімдемесі актісінің (болған жағдайда) күшін жояды.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы
(басшының орынбасары)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)
Шешімді алдым.

_____ (салық төлеушінің (салық агентінің)/салық төлеушінің лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), төлеушінің қолы, күні, мөрі (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда)

Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 405 бұйрығына
8 - қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
10-қосымша
нысан

Жеке тұлғалардың салық берешегі туралы хабарлама

20__ жылғы "___" _____

№ ____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі - Салық кодексі) 114-бабына сәйкес

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

Сізді

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), мекенжайы)

салық түрлерінен салық берешегі сомасының өтелмегенін хабарлайды:

№ р/с	Төлемнің атауы	Бюджеттік сыныптама коды (БСК)	Төлемнің сомасы (ТМК 911)	Өсімпұл сомасы (ТМК 912)
1				
2				
3				

Аталған салық берешегін өтеу үшін қажетті банк деректері:

Бенефициар атауы: _____ (мемлекеттік кірістер органы)

Бенефициар БСН: _____

Бенефициар банкі: _____

Бенефициар БСК: _____

Республикалық бюджет туралы заңды белгіленген және тиісті қаржы жылында 1 қаңтарда қолданыстағы, 1- еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық мөлшердегі

салық берешегінің сомаларын төлемеген немесе толық төлемеген жағдайларда, жеке тұлғаға салықтық берешек туралы хабарламаны табыс еткен күннен бастап отыз жұмыс күнінің өтуі бойынша мемлекеттік кірістер органы жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығарады.

Салық міндеттемесін орындаудың мерзімі өткен әрбір күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ресми ставкасының 1,25- еселенген мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеледі.

Салық кодексінің 187, 188-баптарына сәйкес Сіз мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануына құқығыңыз бар.

Мемлекеттік кірістер органының
басшысы (басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, мөрі)

Хабарламаны алдым

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге тапсырылды:

(мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге жіберілді:

(жіберу

және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 405 бұйрығына
9 - қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
13-қосымша
нысан

Камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

20 __ жылғы " __ " _____

№ _____

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кедендік кодекс) 417-бабына сәйкес

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

Сізді _____

_____ (тексерілетін тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе толық атауы,

_____ оның сәйкестендіру нөмірлері (ЖСН/БСН)

_____ (тексерілетін тұлғаның заңды мекенжайы және орналасқан жері)

20 __ жылғы " __ " _____ № _____ камералдық кедендік тексеру актісінің негізінде анықталған мынадай бұзушылық (бұзушылықтар) туралы _____

_____ және _____ сомадағы есептелген (санмен және жазумен)

кедендік төлемдер, салықтар және өсімпұлдар сомасы туралы хабардар етеді.

теңге

№ р/с	Бюджеттік сыныптама коды	Бюджеттік сыныптама кодының атауы	Кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы	Хабарлама қойылған күнге өсімпұл сомасы	Барлығы, сомасы
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					
	Барлығы				

Кедендік кодекс 417-бабына сәйкес Сіз, осы хабарламаны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күн ішінде

_____ көлеміндегі кедендік төлемдер және салықтар, өсімпұлдар сомасының

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы)

БСН _____

_____ № _____ шотына (мемлекеттік кірістер органы)

(Қазынашылық басқармасы, банктік сәйкестендіру коды (БСК)

төлену жолымен көрсетілген бұзушылықтарды өздігінше жоюға құқылысыз, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының шешімдерімен бекітілген тауарларға арналған декларацияда көрсетілген мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қағидасына сәйкес тауарларға арналған декларациядың түзетулерін ұсынасыз.

Осы хабарламадағы талаптар белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, Кедендік кодекстің 12-тарауда көзделген іс-әрекет қолданылады.

Бұл ретте өсімпұлды есептеу Кедендік кодекстің 124-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Камералдық кедендік тексерудің нәтижелері бойынша анықталған Кедендік кодекс 417-бабының 8-тармағында көзделген бұзушылықтарды белгіленген мерзімде өздігінен жойған кезде, Сізге 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексіне сәйкес жауапкершілік шаралары қолданылмайтын болады.

Осы хабарламамен келіспеген жағдайда, Сіз Кедендік кодекстің 55-тарауымен белгіленген тәртіпте мұндай хабарламаны шағымдауға құқылы екендігіңізді ескертеміз.

Мемлекеттік кірістер органының
басшысы (басшының орынбасары) _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
20__ жылғы "___" _____.
Хабарламаны алдым

(тексерілетін тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, қолы, мөрі)
